



МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ GOVERNMENT AUDITING

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ | НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ | SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

№4 (49) ҚАЗАН/ЖЕЛТОҚСАН 2020
ОКТАБЬРЬ/ДЕКАБЬРЬ, OCTOBER/DECEMBER



НӨМІРДЕ ОҚЫҢЫЗ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ INSIDE

Пандемия жағдайында Қазақстанның әлемдік экономика жүйесіндегі сыртқы экономикалық қызметі

М.У. Спанов, А.К. Кажмуратова,
Ж.М. Тымбаева

2020 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы әлемдегі сауданың жалпы баяулауы аясында 7,9%-ға (3,6 млрд. долларға) төмендегенін көрсетті және 42,5 млрд. долларды құрады.

Внешнеэкономическая деятельность Казахстана в системе мировой экономики в условиях пандемии

Спанов М.У., Кажмуратова А.К.,
Тымбаева Ж.М.

На фоне общего замедления торговли в мире внешнеторговый оборот Казахстана по итогам 1-го полугодия 2020 г. по сравнению с аналогичным периодом 2019 г., также показал снижение на 7,9% (на 3,6 млрд. долларов) и составил 42,5 млрд. долларов.

Foreign economic activity of Kazakhstan within the system of the world economy in pandemic conditions

Spanov M.U., Kazhmuratova A.K.,
Zh.M. Tymbaeva

Amid the general slowdown in trade around the world, the foreign trade turnover of Kazakhstan also showed a decrease by 7.9% (by 3.6 billion dollars) in the first half of 2020 compared to a similar period in 2019, and accounted for 42.5 billion dollars.

«Astana» әлеуметтік- кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ активтерін басқарудың тиімділігі

А.А. Тоқбергенов

Жүргізілген талдау және коммуналдық мүлікті, сондай - ақ «Astana» ӘКК» АҚ активтерін басқарудың тиімділігін бағалау астананың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жалпы қаржылық қызметі (2017ж. - 212 МКК, МКҚК, АҚ және ЖШС, 2018ж. - 199, 2019ж. - 203) теріс көрсеткіштермен негізделгені атап өтілді.

Эффективность управления активами АО «Социально- предпринимательская корпорация «Astana»

Токбергенов А.А.

Проведенным анализом, и оценкой эффективности управления коммунальным имуществом, а также активами АО «СПК «Astana», отмечается, что в целом финансовая деятельность субъектов квазигосударственного сектора столицы (в 2017г. - 212 ГКП, ГККП, АО и ТОО, в 2018г. - 199, в 2019г. - 203) обусловлена отрицательными показателями.

The efficiency of asset management in “Social and Entrepreneurial Corporation” Astana» JSC

Tokbergenov A.A.

The analysis and the assessment of the municipal property management efficiency, as well as the assets of SEC Astana JSC show that generally the financial activity of the quasi-public sector entities of the capital (212 state-owned public enterprises, state-owned municipal public enterprises, JSC and LLP in 2017, 199 in 2018, and 203 in 2019) is conditional on the negative



МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ GOVERNMENT AUDITING

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

Н.Н. ГОДУНОВА – Редакциялық кеңестің төрайымы – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің

Төрайымы, Қазақстан Республикасы

І.Л. АҚПОМБАЕВ – Қазақстан Республикасы

Р.А. АЛШАНОВ – Қазақстан Республикасы

Л.З. БЕЙСЕНОВА – Қазақстан Республикасы

В. ЛАКИС – Литва Республикасы

А.Б. ЗЕЙНЕЛҒАБДИН – Қазақстан Республикасы

Z. KORZEV – Польша Республикасы

Г.Ж. ҚАРАҚҰСОВА – Қазақстан Республикасы

Н.А. КОРЖОВА – Қазақстан Республикасы

С.Х. КӨШКІМБАЕВ – Қазақстан Республикасы

Н.А. НАЛИБАЕВ – Қазақстан Республикасы

Е.В. НИКИФОРОВА – Ресей Федерациясы

С.Н. НӨГЕРБЕКОВ – Қазақстан Республикасы

О.Н. ӨКСІКБАЕВ – Қазақстан Республикасы

Т.М. СҮЛЕЙМЕНОВ – Қазақстан Республикасы

С.В. ШКОДИНСКИЙ – Ресей Федерациясы

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ

М.У. СПАНОВ – Бас редактор

В.М. АУКЕН

М.М. АХМЕТОВ

Г.Қ. ИЗДИБАЕВА

Қ.С. ӘБДІРАЙЫМОВ

Ә.А.Қ. КӘРІБАЕВ

Р.Е. НҰРПЕЙІСОВ

Ю.Ф. ЭНГЕЛЬ

Ә.М. ЗИЯЕВА – жауапты редактор

ӘДІСНАМА, ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Аудит сапасын арттыру факторлары

М.И. Қыдырбаев 8

Квазимемлекеттік сектордағы тиімділік аудиті

С.Қ. Мұқанов 12

Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік

аудиторлары үшін KPI қолдану

А.К. Абдигамидов 19

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша білім беру

бағдарламаларының іске асырылуын бағалау

Қ.Ә. Кенжин 30

Ақпараттық технологиялардың аудиттегі рөлі

А.Н. Ракаева, Л.З.Бейсенова, А.Е. Шахарова 36

Қазақстан Республикасының Сыртқы мемлекеттік

аудит және қаржылық бақылау органдарының

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің орны мен рөлі

Қ.Б. Есмағамбетов 40

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Пандемия жағдайында Қазақстанның

элементтік экономика жүйесіндегі сыртқы

экономикалық қызметі

М.У. Спанов, А.К. Кажмуратова,

Ж.М. Тымбаева 46

2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 04.19.2019 ж. № 1418 бұйрығымен «Мемлекеттік аудит – Государственный аудит» журналы ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын жарияланымдар тізбесіне енгізілген.

Журнал 2017 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, № 16559-Ж. куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою нөмірі және күні № 9582-Ж. 15.10.2008 ж.

Жазылу индексі 74167

Тоқсанына 1 рет шығарылады.

Таралымы: 200 дана.

МАЗМҰНЫ

«Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ активтерін басқарудың тиімділігі А.А. Тоқбергенов	56
---	----

БЮДЖЕТ САЯСАТЫ

Коммерциялық банктер салық қатынастарының қатысушылары ретінде Г. К. Курманова, Б.Б. Суханбердина, А. А. Ким, Б. А. Уразова	64
--	----

Еуроазиялық экономикалық интеграциялық бірлестігі аясында Қазақстанның сыртқы саудасы А.У. Мухаммедов, А.Б. Тасмаганбетов, М.У. Спанов, С.Ж. Тасмаганбетова	71
--	----

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық қызметті реттеу механизмін жетілдіру У.К. Сартов, Т.Г. Габдуллин, К.Б. Байдарова, Ли Чен Ку	78
--	----

2020 ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ	82
---	----

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

ГОДУНОВА Н.Н. – Председатель редакционного совета - Председатель Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, Республика Казахстан
АКПОМБАЕВ И.Л. – Республика Казахстан
АЛШАНОВ Р.А. – Республика Казахстан
БЕЙСЕНОВА Л.З. – Республика Казахстан
ЛАКИС В. – Литовская Республика
ЗЕЙНЕЛЬГАБДИН А.Б. – Республика Казахстан
KORZEV Z. – Республика Польша
КАРАГУСОВА Г.Д. – Республика Казахстан
КОРЖОВА Н.А. – Республика Казахстан
КОШКИМБАЕВ С.К. – Республика Казахстан
НАЛИБАЕВ Н.А. – Республика Казахстан
НИКИФОРОВА Е.В. – Российская Федерация
НУГЕРБЕКОВ С.Н. – Республика Казахстан
ОКСИКБАЕВ О.Н. – Республика Казахстан
СУЛЕЙМЕНОВ Т. М. – Республика Казахстан
ШКОДИНСКИЙ С.В. – Российская Федерация

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

СПАНОВ М.У. – Главный редактор
АБДИРАЙЫМОВ Х.С.
АУКЕН В.М.
АХМЕТОВ М.М.
ИЗДИБАЕВА Г.К.
КАРЫБАЕВ А.А.-К.
НУРПЕИСОВ Р.Е.
ЭНГЕЛЬ Ю.Ф.
ЗИЯЕВА Ә.М. – ответственный редактор

СОДЕРЖАНИЕ

МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Факторы повышения качества аудита Кыдырбаев М.И.	8
Аудит эффективности в квазигосударственном секторе Муканов С.Б.	12
Применение KPI для государственных аудиторов служб внутреннего аудита Абдигамидов А.К.	19
Оценка реализации программ образования по г.Нур-Султан Кенжин К.Э.	30
Роль информационных технологий в аудите А.Н. Ракаева, Л.З.Бейсенова, А.Е. Шахарова	36
Роль и место органов внешнего государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан в противодействии коррупции Есмагамбетов К.Б.	40

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

Внешнеэкономическая деятельность Казахстана в системе мировой экономики в условиях пандемии Спанов М.У., Кажмуратова А.К., Тымбаева Ж.М.	46
Эффективность управления активами АО «Социально-предпринимательская корпорация «Astana» Токбергенов А.А.	56

БЮДЖЕТНАЯ ПОЛИТИКА

Коммерческие банки как участники налоговых отношений Курманова Г. К., Суханбердина Б. Б., Ким А. А., Уразова Б. А.	64
Внешняя торговля Казахстана в рамках Евразийского экономического интеграционного объединения А.У. Мухаммедов, А.Б. Тасмаганбетов, Спанов М.У., С.Ж. Тасмаганбетова	71

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ

Совершенствование механизма регулирования внешнеэкономической деятельности в Республике Казахстан Сартов У.К., Габдуллин Т.Г., Байдарова К.Б., Lee Jung-ku	78
Список опубликованных статей в 2020 году	82

CONTENTS

METHODOLOGY, THEORY, PRACTICE

Audit quality enhancement factors Kydyrbaev M.I.	8
Quasi-public sector efficiency audit Mukanov S.K.	12
Use of KPI for state auditors of the internal audit services Abdigamidov A.K.	19
Assessment of educational programs implementation in Nur-Sultan Kenzhin K.E.	30
The role of information technology in audit Rakayeva A.N., Beisenova L.Z., Shakharova A.E.	36
Role and place of external state audit and financial control bodies of the Republic of Kazakhstan in combating corruption Esmagambetov K.B.	40

ECONOMIC POLICY

Foreign economic activity of Kazakhstan within the system of the world economy in pandemic conditions Spanov M.U., Kazhmuratova A.K., Tymbaeva Zh.M.	46
The efficiency of asset management in “Social and Entrepreneurial Corporation” Astana» JSC Tokbergenov A.A.	56

BUDGET POLICY

Commercial banks as participants of tax relations Kurmanova G.K., Sukhanberdina B.B., Kim A.A., Urazova B.A.	64
Kazakhstan’s foreign trade within the framework of the Eurasian economic integration association A.U. Mukhammedov, A.B. Tasmaganbetov, Spanov M.U., S. Zh. Tasmaganbetova	71

FOREIGN EXPERIENCE

Improvement of the mechanism of regulation of foreign economic activity in the republic of Kazakhstan Sartov U.K., Gabdullin T.G., Baydarova K.B., Lee Jung-ku	78
List of published articles in 2020	82

МРНТИ 72.19.91
УДК 339.56.055

А.У. Мухаммедов¹

Халықаралық
Бизнес Университеті
Алматы, Қазақстан

А.Б. Тасмаганбетов²

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

М.У. Спанов³

э.ғ.д., профессор,
«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау
орталығы» Жшс директоры
Нұр-сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: m-spanov@rambler.ru

С.Ж. Тасмаганбетова⁴

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан
e-mail: abum07@mail.ru

ЕУРОАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САУДАСЫ

Аңдатпа. Мақалада Еуроазиялық экономикалық одақ аясында республиканың сыртқы сауда жағдайы қарастырылды. Соңғы жылдары сыртқы сауда құрылымында елеулі үлестері мен басым тауарлар айқындалды. Негізгі экспорттаушы республика өңірлерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде сыртқы сауда айналымы келтірілді. Достастыққа мүше елдермен арадағы сыртқы сауда құрылымы талданды. Достастыққа мүше елдері аясында Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында Еуроазиялық экономикалық одақ елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда көлемі бағаланды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінде республиканың сыртқы сауда құрылымында Еуроазиялық экономикалық одақ елдерінің үлесі басым екені айқындалды. Қазақстанның Одақ елдерімен сыртқы сауда көлемінің құрылымы мен көлемі сипатталды. Сондай-ақ, одақ елдерімен арадағы сыртқы сауда көлемінің өзгерісі, үлесі мен қарқыны қарастырылды. Одақ елдерімен тауар айналымындағы елдердің үлестері анықталды. Елдер бойынша Одақ аясында тауар айналымының өсімі айқындалды. Одақ елдерімен тауар айналымындағы елдердің үлестері бағаланды. Одақ аясында Қазақстанның экспорты мен импорты қарастырылып, олардың өзгеру қарқыны мен үлестері келтірілді. Одақ аясында Қазақстан өңірлерінің сыртқы сауда құрылымында үлестері мен олардың қарқыны талданды.

Түйінді сөздер: экспорт, импорт, сыртқы сауда, тауар айналымы, интеграция, одақ, Еуроазиялық экономикалық одақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

Кіріспе. Қазақстанның сыртқы саудасының географиялық құрылымы соңғы онжылдықта едәуір өзгеріске ұшырады. Сонымен бірге сыртқы саудасының тауарлық құрылымы соңғы жылдары экспорт пен импорттағы жеке тауарлар үлесінің артуына немесе кемуіне байланысты едәуір өзгерді. Егер сыртқы сауда көлемі 1995 жылы 793 млн АҚШ доллар көлемінде болса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 96079,6 млн АҚШ долларына жетті. Қазақстанның сыртқы саудасында экспорт құрылымы бойынша шикі мұнай мен табиғи газ экспорты басым екенін

байқауға болады. Осы экспорттық тауар түрінің үлесі 73 % дейін артқан. Одан кейінгі үлесі басым экспорттық тауар түрі металлургия өнеркәсібінің өнімдері. Олардың үлесі соңғы жылдары 9 %-ға дейін артқан. Бұл өнім түрлерін негізінен Қарағанды, Шығыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстары өндіреді. Шикі мұнай мен табиғи газды негізінен Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстары экспорттайды. Сол себепті осы облыстардың үлестері экспорт көлемінде басым [1-4].




Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында статистиканың абсолюттік, салыстырмалы, қатынасты көрсеткіштерімен қатар, елдің мүшелікке өткен интеграциялық бірлестіктер аясында сыртқы сауданың тауар айналымын талдауда кеңінен қолданатын сыртқы сауда статистикасының экспорты мен импорты бойынша өңірлердің, тауарлық номенклатураның құрылымы мен өзгеру қарқынын айқындайтын көрсеткіштер жүйелері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақстанның ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы жыл сайын тұрақты өсіп келеді. 2019 жылы тауар айналымы 2015 жылға қарағанда 26,4 %-ға, ал

2017 жылға 18,2%-ға өскен. ТМД елдері аясында сыртқы сауда құрылымында импорттың үлесі жоғары. 2015 жылы сыртқы сауда құрылымында импорттың үлесі 62,3% болса, экспорт 37,7 % құрады. 2017 жылы импорттың үлесі 63 % дейін өскен, экспорттың үлесі 37 % дейін кеміген, сонымен бірге 2019 жылы импорттың үлесі 61,5% дейін кеміп, экспорттың үлесі 38,5 % дейін артқан.

ТМД елдері аясында Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдердің үлесі аса елеулі емес. Керісінше, ТМД елдері ішінде республиканың сыртқы сауда құрылымында ЕАЭО елдерінің үлесі басым.




Сурет 1 - ЕАЭО елдері, млн. АКШ доллары
Ескертпе – [1-4] негізінде автормен құрастырылды

1 суреттегі мәліметке сәйкес, ЕАЭО елдері мен Қазақстан арасындағы сыртқы сауда көлемі жыл сайын өсіп келеді. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда көлемінің қысқаруы байқалды. 2018 жылы азайғанымен тауар айналымы жыл сайын тұрақты артып келеді.

Алайда, жалпы ЕАЭО елдерімен сыртқы сауданың құрылымында импорттың үлесі басым. Сонымен бірге сыртқы сауда құрылымында

импорт көлемі артқан. Ал экспорт керісінше 2016 бастап 2019 жылға дейін кеміп келеді. Бұл сәйкесінше сыртқы сауда құрылымында экспорт үлесінің азаюына әкелді. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда көлемінде экспорттың үлесі 2014 жылы 33,3 % болса, 2019 жылы 29,7 % дейін кеміген. Оны төмендегі 2 суреттен көруге болады.



Сурет 2 – ЕАЭО елдерімен сыртқы сауданың құрылымы, үлес %

Ескертпе – [1-4] негізінде автормен құрастырылды

2 суреттегі мәліметке сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда құрылымында экспорттың үлесі импортқа қарағанда аз. Соңғы бес жылда сыртқы сауда құрылымында импорт көлемі 1,7 %-ға артқан.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда құрылымында басым бөлігі Ресей Федерациясына келеді. 2018 жылы Ресей Федерациясының үлесі алдыңғы жылдармен салыстырғанда артқан болатын. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1

ЕАЭО елдерімен тауар айналымындағы елдердің үлестері, %


	2015 ж.	2016ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Ресей	92,4	92,3	92,1	91,9	92,4
Беларусь	3,3	2,8	3,6	3,5	3,6
Армения	0,03	0,04	0,1	0,1	0,1
Қырғызстан	4,3	4,8	4,3	4,5	4,0

Ескерту - [1-4] статистикалық материалдар негізінде дайындалды

1 кестедегі мәліметке сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО елдері ішінде тауар айналымында Беларусь Республикасының үлесі 2019 жылы 9,1 % артқан. Сонымен бірге Армения Республикасымен арадағы сауда көлеміндегі үлесі да артып келеді. Мәселен, 2015 жылмен салыстырғанда

2019 жылы үлесі 3 есе артқан. Қырғызстанның үлесі керісінше 6,9 %-ға кеміген.

Қазақстан мен ЕАЭО мүше елдері арадағы тауар айналымының өзгерісі төмендегі 3 суреттен көруге болады.




Сурет 3 - Елдер бойынша ЕАЭО елдерімен тауар айналымының өсімі, %
Ескертпе – [1-4] негізінде автормен құрастырылды

3 суреттегі мәліметке сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО мүше елдерімен сыртқы сауда тауар айналымы тұрақты өсуде. 2015-2019 жылдар аралығында Ресей Федерациясы арасындағы тауар айналымы өсімге ие. Бірақ та 2016 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 15,5 % азайған болатын. Беларусь Республикасы арасындағы сауда көлемі де тұрақты артып келеді. Армения Республикасы арасындағы сауда соңғы жылда-

ры қарқынды өсім орын алды. Құбылмалы өсім Қырғызстан Республикасы арасындағы тауар айналымында ғана болды.

Қазақстанның экспортқа деген қызығушылық көп танытып отырғанын ескеретін болсақ, сыртқы сауда көлемінде экспорттың үлесі импортқа қарағанда аз және де оның көлемі ЕАЭО мүше елдеріне азайған. Оны төмендегі 4 суреттен көруге болады.




Сурет 4 - ЕАЭО аясында Қазақстанның экспорты, млн. долл.
Ескертпе – [1-4] негізінде автормен құрастырылды

4 суреттегі мәліметке сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО мүше елдерімен сыртқы сауда айналымындағы экспорттың көлемі өскен. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда көлемінде экспорт Армения Республикасына елеулі артқан. 2015 жылға қарағанда бұл елге 13 есе артық тауарлар экспортталды. Беларусь Ре-

спубликасына экспорттық өсім шамамен 2 есе болса, Ресей Федерациясына және Қырғызстан Республикасына экспорт шамамен 1,2 есе ұлғайды.

Төмендегі 5 суреттен ЕАЭО аясында Қазақстандық импорттың көлемі берілгенін байқауға болады.



Сурет 5 – ЕАЭО аясында Қазақстанның импорты, млн. доллар

Ескертпе – [1-4] негізінде автормен құрастырылды

5 суреттегі мәліметке сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО мүше елдерімен сыртқы саудасында импорт көлемі соңғы жылдары артып келеді. 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылы ЕАЭО мүше елдерінен импорт өскен. Қазақстанның ЕАЭО мүше елдерімен сыртқы сауда құрылымында импорттың тұрақы өсімді 2015 жылдан бері Беларусь Республикасымен арадағы саудадан байқауға болады. Соңғы жылдары бұл елден импорт 1,3 есеге өсті. ЕАЭО мүше елдерінен импорт шамамен 1,4 есеге артқан болатын. Армения мен Қырғызстан Республикаларынан импорт бойынша өсім орын алғанымен құбылмалы болды. Сәйкесінше бұл олардың импорттағы үлестерінің артуына әкелді.

Ресей Федерациясынан импортталатын тауарлардың тұрақты артуымен байланысты, сәйкесінше, бұл елдің жалпы республиканың импорт құрылымындағы үлесі 2015 ж. 34,4 %-дан 2019 ж. 36,7 %-ға дейін өсті. Басқаша айтқанда, елге импортталатын барлық тауарлардың үштен бір бөлігі осы елдің еншісінде.

Қазақстанның ЕАЭО мүше елдерімен сыртқы саудасында Ресей Федерациясының үлесі

жоғары болғанымен Беларусь Республикасының (1,7 %) және Қырғызстан Республикасының (0,7 %) үлестері сәл өскенін көруге болады.

Соңғы жылдары экспорт көлемінің басым бөлігін Қарағанды облысы (1301,7 млн. АҚШ доллары), Павлодар облысы (1096,3 млн. АҚШ доллар) мен Қостанай облысы (531,5 млн. АҚШ доллар), Ақтөбе облысы (523,7 млн. АҚШ доллар) және Алматы қаласы (513,1 млн. АҚШ доллар) қамтамасыз етіп отыр.

Қазақстанның ЕАЭО мүше елдеріне облыстар бойынша экспорттың көрсеткіштерін арттырған облыстар қатарында Жамбыл облысы (40,4 %-ға) және Павлодар облысы (39,6 %-ға) бар. Сондай-ақ, аталмыш облыстар ЕАЭО мүше елдерінен импорт көлемін қысқарта алды. Жамбыл облысы импортталатын заттардың көлемін 35,6 %-ға, ал Павлодар облысы 3,4 %-ға азайтқан.

Айта кететін жайт, ЕАЭО мүше елдерінен импорт көлемі бірқатар облыстарда соңғы жылдары төмендеген. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында импортталатын тауарлар 22,8 %-ға, Шығыс Қазақстан облысында 13,3 %-ға және Қарағанды облысында 2,8 %-ға азайған.



Бірақ, бұл облыстардан шығарылатын тауарлар көлемі де қысқарған болатын. Қарағанды облысында одақ аясында экспорт көлемі 7,1 %-ға, Шығыс Қазақстан облысында 7,4 %-ға және Солтүстік Қазақстан облысында 4,8 %-ға кеміген. Өкінішке орай, қалған облыстарда импорт көлемі артқан болатын. Мәселен, Алматы облысында 8,5 %-ға, Батыс Қазақстан облысында 4,3%-ға, Қостанай облысында 29,1 %-ға, Қызылорда облысында 51,3 %-ға және Алматы қаласында 7,3 %-ға көбейген.

Сонымен бірге, аталған өңірлерде импорт көлемінің артуымен қатар экспорт мөлшерінің төмендеуі орын алғанын байқауға болады. Мәселен, Алматы облысында 53,9 %-ға, Батыс Қазақстан облысында 12,3%, Қостанай облысында 3,7 %-ға, Қызылорда облысында 13,1 %-ға және Алматы қаласында 46 %-ға қысқарған.

2019 жылдың басында алдыңғы жылмен салыстырғанда экспорт көлемін біршама арттырған облыстарды айтуға болады. Олар, Ақмола облысы 24,9 %-ға, Ақтөбе облысы 0,4 %-ға, Маңғыстау облысы 4,5 %-ға, Атырау облысы 56,2 %-ға және Нұр-Сұлтан қаласы 107,6 %-ға ұлғайтты.

Қазақстанның ЕАЭО мүше елдеріне экспортталған тауарлардың ішінде соңғы жылдары экономикалық қызмет түрлері бөлінісіндегі негізінен көтерме сауда (автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа), металл кендерін өндіру, металлургиялық өндіріс, көмір және лигнит өндіру секілді бағыттары болғанын айтуға болады. Мәселен, көтерме сауда (автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа) бағыты бойынша экспорт көлемі 1326,5 млн. АҚШ долларды, металл кендерін өндіру бағыты бойынша 1055,7 млн. АҚШ долларды, металлургиялық өндіріс бағыты бойынша 2068,0 млн. АҚШ дол-

ларды, көмір мен лигнит өндіру бағыты бойынша 160,9 млн. АҚШ долларды және өзгелері бағыты бойынша 1 435,7 млн. АҚШ долларды құрады.

Қазақстанның сыртқы саудасында импорт негізінен көтерме сауда номенклатурасы бойынша тауарларды қамтиды. Оның үлесінде 6 788,4 млн. АҚШ доллар болса, металл кендерін өндіру бағытында 844,6 млн. АҚШ доллар, металлургиялық өндіріс бағытында 1 223,8 млн. АҚШ долларға, көмір мен лигнит өндіру бағытында 1 421,5 млн. АҚШ долларға жетті. Сонымен бірге өзге тауарлар санаты бойынша 3 819,2 млн. АҚШ долларға өнімдер импортталды.

Қорытынды. Сонымен, ЕАЭО аясында Қазақстанның сыртқы саудасында экспорт құрылымы бойынша көтерме сауда, металл кендерін өндіру, металлургиялық өндіріс, көмір және лигнит экспорты басым екенін байқауға болады. Бұл өнім түрлерін негізінен Қарағанды, Шығыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстары өндіреді. Шикі мұнай мен табиғи газды негізінен Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстары экспорттайды. Сол себепті осы облыстардың үлестері экспорт көлемінде басым. Ал импортталған тауарлар ішінде көтерме сауда, металл кендерін өндіру, металлургиялық өндіріс, көмір және лигнитті айтуға болады. ЕАЭО мүше елдерімен арадағы сыртқы сауда құрылымында өңірлерді төрт топқа жіктеуге болады, яғни ЕАЭО мүше елдеріне экспортты ұлғайтып, импортты төмендететін алған облыстар тобы – Жамбыл мен Павлодар облыстары; екінші топқа экспорт көлемін арттырған облыстар – Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Атырау облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы; үшінші топқа экспорт пен импорт көлемін азайтқан облыстар - Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы және Қарағанды облысы; төртінші топқа экспорт көлемін азайтып, импорт көлемін арттырған облыстар - Алматы облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Алматы қаласы.



2019 жылдың басында алдыңғы жылмен салыстырғанда экспорт көлемін біршама арттырған облыстарды айтуға болады. Олар, Ақмола облысы 24,9 %-ға, Ақтөбе облысы 0,4 %-ға, Маңғыстау облысы 4,5 %-ға, Атырау облысы 56,2 %-ға және Нұр-Сұлтан қаласы 107,6 %-ға ұлғайтты.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі.

1. 2019 жылғы алдын ала деректер: статистикалық жылнама. – Нұр-Сұлтан: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, 2020. – 267 б.
2. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы: Статистикалық жинақ. – Нұр-Сұлтан: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, 2019. – 277 б.
3. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы: Статистикалық жинақ. – Астана: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, 2018. – 243 б.
4. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы: Статистикалық жинақ. – Астана: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, 2016. – 260 б.

А.У. Мухаммедов¹
 Университет
 Международного Бизнеса
 Алматы, Казахстан

А.Б. Тасмаганбетов²
 Актюбинский
 региональный
 государственный
 университет имени
 К.Жубанова
 Актюбе, Казахстан

М.У. Спанов³
 д.э.н., профессор, Директор
 ТОО «Центр исследований,
 анализа и оценки
 эффективности»
 г. Нур-Султан, Казахстан
 e-mail: m-spanov@rambler.ru

С.Ж. Тасмаганбетова⁴
 Актюбинский региональный
 государственный
 университет имени
 К.Жубанова
 Актюбе, Казахстан
 e-mail: abum07@mail.ru

РЕЗЮМЕ

ВНЕШНЯЯ ТОРГОВЛЯ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ЕВРОАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО ИНТЕГРАЦИОННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ

В статье рассмотрены состояние внешней торговли Республики в рамках интеграционного объединения Евразийского экономического союза. Определены товары, доли которых значительно преобладают за последние годы в структуре внешней торговли. Приведен внешнеторговый оборот основных регионов республики-экспортеров в рамках Содружества Независимых Государств. Проанализирована структура внешней торговли со странами-членами Содружества. В рамках стран-участниц Содружества в структуре внешней торговли Казахстана оценены объемы внешней торговли со странами, не являющимися странами Евразийского экономического союза. Определено, что среди стран Содружества

Независимых Государств в структуре внешней торговли республики преобладает доля стран Евразийского экономического союза. Описана структура и объем внешнеторговой деятельности Казахстана со странами Союза. Также проанализированы изменения, доли и темпы внешнеторговой деятельности со странами союза. Определены доли стран в товарообороте со странами союза. По странам был определен рост товарооборота со странами Союза. Оценены доли стран в товарообороте со странами союза. В рамках Союза рассмотрены экспорт и импорт Казахстана, приведены темпы и доли их изменения а также проанализированы доли регионов страны в структуре внешней торговли и их темпы.

A.U. Muhammedov¹
 University
 of International Business
 Almaty, Kazakhstan

A.B. Tasmaganbetov²
 K. Zhubanov Aktobe
 Regional State University
 Aktobe, Kazakhstan

Spanov M.U.³
 doctor of economic sciences,
 professor, Director of the Center
 for Research, Analysis and
 Evaluation of Efficiency LLP
 e-mail: m-spanov@rambler.ru,
 Nur-Sultan, Kazakhstan

S.Zh. Tasmaganbetova⁴
 K. Zhubanov Aktobe Regional
 State University
 Aktobe, Kazakhstan
 e-mail: abum07@mail.ru

SUMMARY

KAZAKHSTAN'S FOREIGN TRADE WITHIN THE FRAMEWORK OF THE EURASIAN ECONOMIC INTEGRATION ASSOCIATION

The article considers the state of foreign trade of the Republic within the framework of the integration Association of the Eurasian economic Union. The goods whose shares have significantly prevailed in the structure of foreign trade in recent years have been identified. The foreign trade turnover of the main exporting regions of the Republic within the Commonwealth of Independent States is given. The structure of foreign trade with the CIS member countries is analyzed. Within the framework of the CIS member countries, the volume of foreign trade with countries that are not countries of the Eurasian economic Union is estimated in the structure of Kazakhstan's foreign trade. It is determined that among the countries of the Commonwealth of Independent States, the share of the countries of the

Eurasian economic Union prevails in the structure of foreign trade of the Republic. The structure and volume of foreign trade activity of Kazakhstan with the countries of the Union are described. Changes, shares and rates of foreign trade activity with the countries of the Union are also analyzed. The shares of countries in trade turnover with the countries of the Union are determined. The growth of trade turnover with the countries of the Union was determined by country. The share of countries in trade turnover with the countries of the Union is estimated. Within the framework of the Union, the export and import of Kazakhstan are considered, the rates and shares of their changes are given. Within the framework of the Union, the shares of Kazakhstan's regions in the structure of foreign trade and their rates were analyzed.